

"Ұлттық ғылыми онкология орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 наурыздағы № 180 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ұлттық ғылыми онкология орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі оған "Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. "Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 388-жолдың 5-бағанындағы 12) тармақша алып тасталсын;

реттік нөмірі 389-жолдың 5-бағанындағы 8) тармақша алып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов